

ӘОЖ 94(574)
FTAMP 03.09.31

БАЯН БАТЫР ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР

З. Тайшыбай¹

¹М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қ., ҚР

ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ О БАТЫР БАЯН

Тайшыбай З.¹

¹СКГУ им. М. Козыбаева, г. Петропавловск, РК

WRITTEN SOURCES ABOUT BATYR BAYAN

Z. Taishybay¹

¹NKSU named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, KR

Аңдатпа

Бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған 18 ғасырдың ержүрек бабаларымыздың бірі—батыр Баян Қасаболатұлы. Батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ—жоңғар шайқастарына қатысқан. Баян батыр туралы арнайы жоспарлап, нақты зерттеп, тексергенмен автор жоспары Абылай сұлтан, хан тақырыбына құрылған. Бірақ, 18—ғасырдағы қазақ хандығының тарихы болғандықтан, кеңінен қарауға тура келетіні түсінікті. Сондықтан, негізгі тақырыптан ауытқып, мұрағаттағы тарихи деректерге сүйенген автор батыр Баян жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен қазақ батырларының ішіндегі шоқтығы биік батырлардың бірі екендігін көрсете отырып, Абылай заманының жазба құжаттарында деректермен қатар қазақтың атақты қайраткерлері туралы басқа да көптеген мағлұмат кездесетінін айтады. Нақты құжаттармен көрсетіп, бұл құжаттардың ақиқаттығына күмән келтіруге болмайтындығын ескертеді. Өйткені, автор бұлар біреулердің еріккеннен айта салған, немесе екінші, үшінші біреу арқылы жеткен хабар емес, осы құжаттар қағазға түспестен бұрын тексерілген, тергеліп анықталған Баян батыр ерліктің, отаншылдықтың үлгісін деген тұжырымға келеді.

Түйінді сөздер: Батыр баян, Баян Қасаболатұлы, Абылай сұлтан, 18—ғасырдағы қазақ хандығының тарихы, Қазақ—жоңғар шайқастары.

Аннотация

Батыр Баян Касаболатұлы один из национальных героев 18—века, посвятивший всю свою жизнь борьбе за независимость казахского народа. Пользовался большим уважением и доверием у хана Абылай за героизм и находчивость на поле сражения. В истории его будут помнить как героя, который сражался в казахско—дзунгарских битвах. Но, это была история казахского ханства в 18 веке, что придется рассматривать широко. Автор не ставит главной целью исследование темы о Батыр Баян, рассматривая тему Абылай хана, он показывает его как героя того времени. Представленные автором архивные документы, доказывают, что Батыр Баян является не вымышленным героем, а факт из реальных достоверных источников говорит о многих других известных деятелей того времени встречаются в документах сведения с данными многими архивными записями при правлений хана Абылая. Автор статьи считает необходимым заметить, что эта документы ранее были опубликованы на страницах периодической печати, тем не менее, считает провозмерным, ввести их в научный оборот как специальную публикацию в научном издании героизма Батыр Баяна.

Ключевые слова: Батыр баян, Абылай султан, история казахского ханства 18—века, казахско—дзунгарская битва.

Аннотация

Batyr Bayan Kasabatuly is one of the national heroes of the 18th century, who devoted his whole life to the struggle for the independence of the Kazakh people. He enjoyed great respect and confidence from Khan Abylay for his heroism and resourcefulness on the battlefield. In the history he will be remembered as a hero who fought in the Kazakh—Dzungarian battles. But, it was the history of the Kazakh Khanate in the 18th century, which will have to be considered widely. The author does not set the main goal of studying the topic of Batyr Bayan, considering the topic of Abylay Khan, he shows him as a hero of that time. The archival documents presented by the author prove that Batyr Bayan is not a fictional hero, and the fact from real reliable sources

speaks of many other famous figures of the time found in documents information with these many archival records of Khan Abylay's boards. The author of the article considers it necessary to note that this documents were previously published on the pages of the periodical press, nevertheless, it is considered reasonable to introduce them into scientific circulation as a special publication in the scientific publication of heroism Batyr Bayan.

Key words: Batyr Bayan, Abylai Sultan, the history of the Kazakh Khanate of the 18th century, the Kazakh–Dzungarian battle.

Кіріспе

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатының 1–қорының Абылай заманында (18–ғасырдың екінші жартысы) Орта жүз уақ тайпасының көсемі Баян батырдың есімі аталған туралы мұрағаттан екі құжат кездесті.

Бұл арада мен мынаны айтуға тиіспіз. Біріншіден, бұл құжаттардың ақиқаттығына күмән келтіруге болмайды. Өйткені, бұлар біреулердің еріккеннен айта салған, немесе екінші, үшінші біреу арқылы жеткен хабар емес, осы құжаттар қағазға түспестен бұрын тексерілген, тергеліп, анықталған деректер. Мысалы, төмендегі бірінші құжат кеңсе қызметкерінің анықтап сұрауынан туған, ал, екінші құжат тергеушінің алған жауабында келтірілген мағлұмат.

Мен Баян батыр туралы арнайы жоспарлап, нақты зерттеп, тексерген емеспін. Менің жоспарым Абылай сұлтан, хан тақырыбына құрылған. Бірақ, 18–ғасырдағы қазақ хандығының тарихы болғандықтан, кеңінен қарауға тура келгені түсінікті. Сондықтан, негізгі тақырыптан ауытқып, көлденең кездесіп қалған деректі одан әрі тереңдете қарауға уақыт та, басқа мүмкіндіктер де жетпейді. Ал, Абылай заманының жазба құжаттарында, басқа деректермен қатар қазақтың атақты қайраткерлері туралы басқа да көптеген мағлұмат кездесуі мүмкін. Маған кездескендері «Қазақтың ханы – Абылай» (Алматы, «Ел–шежіре», 2011 жыл, 1–том, 638 бет; 2–том 639 бет) деген кітаптарымның есім көрсеткішінде тіркелген. Кітапта мұрағат қорының көрсеткіштері анық жазылған. Қайта барып тексергісі келетіндер болса, оңай тауып алады.

Әсіресе, 1–қор, 1–тізбе, 184–істі тағы да қарап, Баян батыр немесе оның туыстары мен қарулас серіктері туралы дерек табуға болады. Бұл іс және оған көршілес істер 1771 жылғы «Құба қалмақ» көшіне байланысты орыстың шегара әкімшілігі жүргізген тергеу құжаттарын қамтиды. Мен одан Абылай ханға қатыстыларын ғана теріп алдым. Тергеушілер қалмақтардың басшысы кім болғанын, олардың қазақтардың қолына, нақты қай руда, қай ауылда, қай ел ағасында болғаны туралы тәтпіштеп сұраған. Кейін, сол тергеудің нәтижесі бойынша Абылай ханға хат жазып, тұтқын қалмақтар мен түрікмендерді, башқұрттарды (тіпті аты – жөндерін атап) Ресейге қайтарып беру туралы талап қойған. Түрікмендер деп отырғаным, Еділ қалмақтары сол жолда кездескен орыстарды, түрікмендер мен башқұрттарды, қарақалпақтар мен татарларды өздерімен бірге ала кеткен де жол бойы құл ретінде сатпақ болған [2–285, 286, 289]. Мысалы, Абылайға жазған бір хатында қалмақ басшысы Убашы «...бізді қазақ жері арқылы аман өткізіп жіберсең, қалмақтың 100 жақсы қызын беремін» десе, екінші хатта, «бір мың құл беремін» деп сендіреді.

Баян батыр туралы алғашқы құжат 1758 жылы Төлеңгіт хандығының Тау–телек болысын шауып кеткен Қошқарбай батырдың «мәселесіне» байланысты Ресей шегара бастықтарының Абылайға жазған хаттарының бірінде кездесті. Мұнда негізінен найман болысы туралы айтылғандықтан, аты аталған Баянды найман болар деп те күдіктенгем. (Найманда да төртуыл Баян есімді азамат болғаны құжаттардан кездесті. –З.Т.) Бірақ мұнда Сәттібай деген Сибан – керей азаматы аталған соң, бұл нағыз уақ Баян батыр екеніне көзім жетті. Нақты құжаттар мынадай.

Зерттеу нәтижелері

1. 1760 жылғы тамыз айы. Құлсары батырға полковник Лестоктың хатынан «...Қайыпназар мен оның серіктері арқылы жіберген хатыңызды алып, Сіздің өзіңіздің және бүкіл еліңіздің сау-сәлемет жүріп жатқанына шын жүректен бек қуандым. Ресей жағы да тыныш, айта қалғандай бөтен жаңалығымыз жоқ, Жолбарыс сұлтан өзі көріп кеткен, жағдайды толық айтып жеткізген болар деген сенімдемін.

Қошқарбай батыр шауып, айдап әкеткен аңшы татарларды қайтармақ ниетіңізді естіп, Ресей алдындағы сенімді бодандық борышыңызды адал атқаратыныңызға, құрметті Абылай сұлтан, аса көп ризалық білдіреміз және бұл қызметіңіз біздің патшамыз тарапынан ескерусіз қалмайтынын, лайықты сый-сияпатқа бөленетіңізді хабарлаймын.

Қадірмен досымыз, Абылай сұлтан. Сіз тілмәш Гордеев арқылы айтып, сол тұтқын татарлар анығында Ресей азаматтары болған-болмағанын білгіңіз келеді екен. Олардың мәнісін түсіндіріп, биылғы 1759 жылы сол кездегі бригадир фон Фрауендорф сізге бірнеше мәрте хат жазған еді ғой. Сәуірдің 1-де, тамыздың 8-де, тіпті биылғы мамырда тұтқындардың атын атап, түсін түстеп тізім жіберген болатын.

Қошқарбай батыр және басқа да қазақтарыңыз әкеткен тұтқындар туралы биылғы 29 қаңтарда және 9 маусымда, құрметті Абылай сұлтан, өз атыңызға тағы да хат жазып, сұрап едік қой. Бұл аңшы татарлар нағыз Ресей азаматтары, Кузнец аймағы Путяты болысына қарайды. Ал, басқа қос азаматтығы барлар (двоеданцы) да Бараба татарлары емес, өте ертеден, кемі бір жүз жылдан бері Ресейге қарайтындар, дәлірек айтқанда 1625 жылдары бағынған. Міне, содан бері 135 жыл өтті, олар Кузнец әкімшілігіне аң терісінен салық төлеп келеді. Және де ол халық ешқашан жоңғар ханына бағынышты болып көрген емес. Енді ғана Сіздің қазақтарға тұтқын болып отыр...».

Жоғарыда айтылғандардың мәнісі –1758 жылы олардың елін қазақтар шауып, 35 еркегі мен 3 әйелді өлтіріп, 89 еркек пен 137 әйелді тұтқындаған, 319 жылқысын айдап әкеткен. Қолды болған мал-мүліктің құны 1990 сом 75 тиынға бағаланған. Бұлардың арасынан төрт татар әйелін босатқан, олар біздің жаққа келді. Айтуынша, Сәттібай деген ел ағасына қарайтын найман болысында тұрыпты. Ондағы иелері Айтуған, Баян, Байғұтты деген қазақтар болса керек.

«...Адамдарымызды осы аталған елдерден және басқа да ауылдардан іздеп тауып, босатсаңыздар екен. Ерлер мен әйелдерін түгелдей, айдап әкеткен қара малдары мен жылқыларын да қайтаруыңызды сұраймын.

Өз тарапымынан сізге, аса қадірлі Абылай сұлтан, шілденің 9-жұлдызында жолдаған хатымда хабарлағанымдай, Сіздің қазақтардың тұтқынынан біздің бекіністерге қашып келген қалмақтарды (аттары аталған, орысша бұзып жазылғандықтан қиын оқылады: Аманаки, Челини, Батуни болуы керек. – З.Т.) Қошқарбай батырдың үш атын сіз жіберген Қайыпназар бастаған адамдарыңызға табыстап, жетектетіп жібердік. Ал, қазақтар жағынан қашқан басқа үш қалмақ әйелін адамдарыңыз өздері тауып әкетіпті.

Сіздің елшіңіз Қайыпназар бізден керей болысының екі әйелін, Байсары деген қазақтың 8 жылқысын, тағы да қалмақтар мен қазақтардың балаларын тауып беруді талап етті, бірақ мұндай жандар әзірше біздің жақтан анықталған жоқ.

Табыла қалса, сөз жоқ, қайтарамыз...

Генерал фон Веймарн.

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1-қор, 1-тізбе, 83-іс, 34-40-пар. «Қазақтың ханы-Абылай», 2-том, 120-121-беттерде.

2. 1773 жылғы 26 ақпан. Баян батырдың қайтыс болғаны туралы

Қазақ тұтқынынан қашып шыққан қалмақ әйелі Жарга Бардазамаева тілмәш сержант Иван Шарин арқылы жауап алғанда мыналарды айтқан:

Менің атым Жарга Бардазамаева, 40 жастамын, бұрын Еділ бойында, Енатьев бекінісіне қарсы мекенде, Дотбир Дундуков княздің қарауындағы елде тұрғанмын. Жайлауда 15 жасар қызым ауырып, оны емдету үшін Обашы ханның еліне баруға мәжбүр болдым. Ол ел шығысқа, бұрынғы жоңғар жеріне жаппай ауып бара жатыр екен. Мен солармен бірге кеттім. Балқаш (Балхасы) көлінің жағасына келгенде атымыз өлді, 30 шақты адам жаяу қалдық.

Бізді қазақтар ұстап алды да, ауыл-ауылға таратып бөліп жіберді. Мен Абылай сұлтанға қарайтын Уақ болысының ел ағасы Баян батырдың иелігінде болдым. Баян батыр қайтыс болардың алдында мені өзінің інісі Хабин Тулту Булуковқа (Бөлек?) берді. Осы уақытқа дейін сонда болдым.

Ол елде жағдайым қиын болды. Басқа қалмақтар сияқты мен де бұрын Ресейдің қоластында болғандығымнан қашып шықтым. Түн ішінде бір түйені ұстап алып қаштым. Приозерный станицасына бір шақырым қалғанда түйені далаға тастап, өзім Баян аулаға жаяу келдім...(Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-қор, 1-тізбе, 184-іс, 216-пар).

3. 1773 жылғы 26 ақпан. «Қазақ тұтқынынан қашқан Еділ қалмағы Даразы Шарытовтың айтқандарынан.

1771 жылы мамыр айында ...Балқаш көліне жеткенімізде, атымыздың аяғы сынып, қазақтардың қолына түстік. Мені керей болысының қазағы Сегізбай алып кетті.

...Қазақтардан естігенім: Абылай сұлтанға қытайдың ханы елші жіберіп, қолындағы қалмақтарды босатып, қытай жағына беруді сұрапты. Оған Абылай сұлтан: «Менің қолымда біраз Еділ қалмақтары бар екені рас. Олардың көбі кәрі, ауру, бала-шаға, әл-қуатсыз адамдар. Басқаларын қазақтар бөліп-бөліп алып кеткен. Және де бұрынғы кезде қалмақтар қазақтарға көп жаулық көрсетіп, қазақтарды қырған, талап-тонаған. Сондықтан, қазақтар бұл қалмақтарды оңайлықпен бермейді», деп жауап беріпті...

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-қор, 1-тізбе, 184-іс, 235-пар. Қазақтың ханы-Абылай», 2-том, 283-бет.

4. 1773 жылғы 26 қаңтар. Қазақ тұтқынынан қашқан Еділ қалмағы Дерegarдың айтқандарынан.

...Балқаш көліне жеткенімізде атымыздың аяғы сынып, қазақтардың қолына түстік. Мені сибаң керей болысының қазағы Қожаназар Сәттібай иеленді. Жағдайым жаман болды. Қожаназардың әйелі мені күйеуінен қызғанып, ұрып-соқты, қорлық көрсетті. Содан соң еріксіз қашып шығып, орыс бекінісіне келдім. Мен де бұрын Ресейдің азаматы болғанмын...

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты 1-қор, 1-тізбе, 184-іс, 235-пар. Қазақтың ханы-Абылай», 2-том, 281-бет.

Осы «Шанды жорық» оқиғасына қызыққан жас Шоқан ел аузынан мына бір әңгімені де жазып алған екен, қазақшалап берген мен.- З.Т.

«Бұл соғыста [Абылай хан әскері] саннан (түмен-он мың. **З.Т.**) аса болса керек. Хан [Абылай] жинаған әскерді күткізіп, үнсіз тұрып қалады, сөйтсе Баян батыр келсін деп тосқан екен. Батырлар жағы «қашан, қашан» десіп, дуылдасып, дегбірсіздене береді. Бір кезде 540 жауынгерімен [Баян батыр] келеді де, хан алдында қасқайып, «Дат, хан ием, бұйрығыңды айт, мен дайын», дейді. Сонда ғана хан үн шығарып: «Міне, Баян батырдан осыны күтіп едім», дейді.

Дәл осы уақытта, бір тәулік жерде, жорықтың алдын бастап, 500 сарбазымен соғысып бара жатқан қанжығалы Жанатай батыр мерт болған екен. Ол былай болыпты: Жанатайдың інісі Үйсінбай жер шолып жүріп, қалмақтардың үш түйесін алдына салып, айдап келсе, Арқандар деген тағы бір інісі одан сауға сұрайды. Сонда, ағасы тұрып: «Қалмақтың түйесі көп, қол-аяғың бүтін, дені-қарың сау, өзің бар да ал!» – дейді.

Меселі қайтып қалған Арқандар батыр намыстанып, өзінің де қара жаяу емес екенін дәлелдемек болады да, жанына атақты Қонай батыр бастаған жеті жігіт алып, өзінің Қоянкөз деген ұлы бар, қалмақтың көшін шауып, 9 түйесін алады. Олжаны жеті жігіттің алдына салып, айдатып жіберіп, өзі қуғыншы жауға жол тастау үшін артта қалып қояды.

Серіктері әуелде Арқандардың жауға із тастап, теріс бастап бара жатқанын көреді, бір уақытта батырды қалмақтар қоршап алады. Тауға шықса, қалың қалмақ пен жалғыз өзі ұрыс салып жүрген Арқандардың аттан құлағаны да мәлім болып қалады.

Мұны көрген Жанатай батыр, жан дегенде жақсы көретін інісінің қазасына қатты күйзеліп, өзіне-өзі ант беріп атқа қонады. «Не өзім өлейін, не қаныңа тойып, қарық болайын, қу қалмақ!», деп 500 сарбазды қасына алып, түмен (10 мың) қалмақтың тобын қақ жарып кіреді. Қырғын соғыс болады, қазақ батырларында аянатан жан қалған жоқ. Арсы-гүрсі атыс-шабыс, шыңылдап шағылған қылыш, сартта-сұрт айқасқан найза...

Үйсінбайдың ішіне найза тиіп, құлап түседі де, бір қолымен жер тіреп, ыңырына көтеріліп, ақтарылған ішек-қарынын жинап қайта салып, құшақтап теңселіп тұрған күйі: «Жанатай батыр, жарық қарынмен жан сақтауға бола ма?!», деген екен. Көп жігіт шейіт болады, Жанатай батыр сегіз серігімен, арасында Тоқыш деген ұлы бар, әзірге аман қалғандары осылар ғана екен. Қатты жарақаттанған Жанатай батыр, аттан түсіп, шылбырын ұлына ұстатып: «Жау шебін жарып шыға алсаң, қаш, сен аман бол, сен болмасаң – менің кегімді кім алар», деп барып, құлаған көрінеді.

Жанатай батырдың қазасы туралы хабар жеткенде, Абылай хан: «Қайраусыз жетілуші едің, қара болат семсерім-ай!», деп көзінен жас ыршып кетіпті деседі.

Қазақ әскері оза шабуылдап, қалмақтардың алдын орап, Іленің барлық өткелдерін басады.

Қалмақтар тосылып қалады...

Қорытынды

Баян батыр Қасаболатұлы (*шамамен* 1712–1772), Орта жүз, уақ тайпасынан. Сұңғыла ақыл иесі, алғыр да тапқыр, батырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқастарына қатысып, «Батыр Баян» атанған. Сақталған жазба деректерде, өңінің ақшыл-сарылығына қарай, кейде Сары Баян деп те жазылған. Әлбетте, бұған қарап, уақ Сары батыр деген тұлғаның да өмірде болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Мына құжатта анықталғанындай, 1771 жылы жазда Еділ бойынан Қытайға қарай ауған құба қалмақтармен Балқаш көлінің солтүстік-батысында болған ұрыстарда, ас-судан уланып, жазылмас дерт жабысып, қайтыс болған. Шоқан Уәлихановтың ел аузынан жазып алған әңгімесі (Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. 1-том, Алма-Ата, 1981. С.308,309) біз 10 жыл бұрын тапқан жоғарыдағы құжатпен бекітілді. Соған қарамастан, 2013 жылы шыққан «Абылай хан» тұлғалық энциклопедиясының 143-бетінде Баян батырдың қайтыс болған жылы «1757» деп қате жазылып кеткені өкінішті. Дерек 1773 жылдың басында хатқа түскен және Баян батыр ауыр науқастан бірден қаза болмағаны көрініп тұр. Демек, 1772 жыл деп болжауға негіз бар сияқты. Мұрағат зерттеу барысында осындай тұжырымға келдік.

Бұған қоса Баян батырдың ел билеген көсем екендігі жөнінде Қытай деректеріне негізделген мағлұмат та менің кітаптарымда кездеседі. Автор ретінде атап көрсететінім бұл деректерді мен бұдан бұрын мерзімді баспасөзге жариялап, қалың оқырманға таныстырған болатынымын. Енді сол деректерді ғылыми жинаққа енгізуге тура келіп отыр.

Әдебиет:

1. «Қазақтың ханы-Абылай», 2-том, 120–121-беттерде.
2. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2006.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужинова А. – Алматы. 2009.